



**Автор:** Бакеева Турсынгуль Дошниязовна  
**Пән:** Өзін-өзі тану  
**Сынып:** 2-сынып  
**Бөлім:** Менің отбасым және достарым  
**Тақырып:** Салауатты отбасы

Сабақтың мақсаты:	оқушыларға салауатты отбасы туралы түсінік бере отырып , қиянат жасамау құндылығының мәнін ашу
-------------------	------------------------------------------------------------------------------------------------

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Үй тапсырмасын талдау ,дәйексөзді меңгерту, әңгімелеу және шығармашылық тапсырма орындату.	Сәлемдесіп , 5Т ережесінің орындалуы қадағаланған соң жағымды күйге келу жүзеге асырылады.Сонан соң үй тапсырмасы тексеріледі."Жаның жеті жаманнан аман болсын" мәтіні құндылық бойынша талданады.Дәйексөзді екі реттен қайталатып , мағынасы түсіндіріледі.Әңгімелеу бойынша "Көршімнің күрішін алыңызшы" фильмі көрсетіліп , талданады.Шығармашылық тапсырмаға отбасындағы аға,іні,әпке,қарындастың міндеттерін жазу беріледі."Мен әдепті баламын" әні бірге орындалады.Оқулықтың 56 бетіндегі "Қайырымдылық" әңгімесін оқу үйге тапсырма ретінде беріледі.Сабақтың соңында соңғы тыныштық сәті өтіледі.	